

Этикалық комиссияның қорытындысы

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ

1.	Докторанттың Т.А.Ә	Манат Алуа Манатқызы
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	8D05401 - Математика
3.	Докторантурада оқу кезеңі	2022-2025 жж.
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	«Псевдопараболалық тендеулер үшін шеттік есептерді зерттеу және олардың қолданулары» 30.12.2022ж №1718 Бұйрық
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә., жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	Отандық ғылыми кеңесші: Орумбаева Н.Т. - ф.-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор, академик Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Математика және ақпараттық технологиялар факультеті, Математикалық талдау және дифференциалдық тендеулер кафедрасының профессоры (Қазақстан Республикасы); Шетелдік ғылыми кеңесші: Псху А.В. - ф.-м.ғ.д., профессор– РҒА КБҰО Қолданбалы математика және автоматтандыру институтының (ИПМА КБНЦ РАН) директоры (Ресей Федерациясы)
6.	Зерттеу объектілері	Зерттеу объектісі үшінші ретті псевдопараболалық тендеу үшін бейлокал шеттік есептер болып табылады.
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар болған жоқ. Диссертация ғылыми-зерттеу жұмысының жоспары бойынша орындалды.
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелеріне тарату процесіндегі бұзушылықтар	Докторант келесі түрдегі негізгі зерттеулерді жүзеге асырды: үшінші ретті сызықтық псевдопараболалық тендеу үшін бейлокал шеттік есепті шешу алгоритмі және оның жинақтылық шарттары; үшінші ретті сызықтық псевдопараболалық тендеудің бір класы үшін бейлокал шеттік есептің бірімәнді шешімділігі; үшінші ретті сызықтық псевдопараболалық тендеу үшін бейлокал шеттік есепті шешу алгоритмі негізінде үшінші ретті сызықтық емес псевдопараболалық тендеу үшін бейлокал шеттік есептің «оқшауланған» шешімінің бар болу шарттары; ұсынылған алгоритмнің Бенджамин-Бона-Махони және Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс сызықтық емес тендеулері үшін қолданылуы және шешімдерінің жинақтылық шарттары алынды. Зерттеу нәтижелері жарияланған әрбір басылымда көрсетілген. Алынған нәтижелердің талдауы және жалпы жұмыс бойынша қорытынды ғылыми кеңесшілермен бірге орындалды. Жарияланған жұмыстардағы ғылыми кеңесшілер болып табылмайтын бірлескен авторлар мүдделер қактығысының жоқтығын растайды.
9.	Зерттеу объектілерінің	Диссертациялық жұмыс барысында жан-жануарларға

(жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	сынақтар жүргізілген жоқ.
--	---------------------------

Этикалық комиссияның төрағасы

Этикалық комиссияның хатшысы



Е. М. Тажбаев

Т. Г. Абдрешева